



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 8 (8395) Сенбі 16 қаңтар 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

ПАРТИЯ ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ-БАСТЫ БАҒЫТ

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ САЯСАТЫН БЕЛСЕНДІ ЖҮРГІЗУ, КӘСІПкерлікті дамыту және жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МИНИСТРЛІГІ БІРЛЕСКЕН ТҮРДЕ «АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫ БАСТАҒАНЫ БЕЛГІЛІ. АТАЛҒАН МЕМОРАНДУМДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – «ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – 2020 ЖОЛ КАРТАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЕҢБЕРІНДЕ ШАҒЫН НЕСИЕ БЕРУ АРҚЫЛЫ ТҮРАҚТЫ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АШУ, ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚ НЕГІЗІНДЕ ОТБАСЫЛЫҚ БИЗНЕСТІ ДАМУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Ал негізінен, шағын тауарлық өндірісті дамытуға қаражат бөлу жөніндегі меморандум 5 пилоттық өңір - Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жүзеге аспақ. Осылайша, ауыл тұрғындарына 6 млн. теңгеге дейін 5 жыл мерзімге төмендетілген мөлшерлемемен шағын несие беру жөніндегі партия ұсынысын Үкімет қолдады. Тұрақты жұмыс орындарын ашуға, жеке қосалқы шаруашылықтар негізінде отбасылық бизнесті дамытуға бағытталған бұл жобаның қаржыландырылуы «Жұмыспен қамту - 2020 жол картасы» бағдарламасы арқылы іске аспақ. Жобаның бірқатар артықшылықтары бар. Атап айтқанда,



отбасылық кооперация мен ауылда өндірілетін өнімді тиімді жылжытудың логистикасын дамыту көзделуде.

Кеше, аптаның жұмасы күні, аудан әкімдігінің мәжіліс залында «Нұр Отан» партиясының бастамасымен қолға алынған «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» жобасын практикалық тұрғыдан іске асыру мәселелеріне арналған семинар болып өтті.

Аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Тлеповтің төрағалығымен өткен семинар барысында күн тәртібіне алты мәселе шығарылды.

Оның күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Нұр Отан» партиясының «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» жобасын іске асыру мәселесі бойынша аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы, партия мүшесі Болат Сағынбеков хабарлама жасады. Хабарламашы өз сөзінде аудан аумағында өткен жылы атқарылған жұмыстар жөнінде кеңінен ақпарат берді. Осы мәселеге

қатысты қосымша түсінік берген партия аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Нұржан Сейдазымұлы «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес, партия жұмыссыздық мәселелеріне ерекше көңіл бөліп отырғанын, бұл партия қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі болып саналатындығына тоқталды.

-Ауылдық жерлердегі жұмыссыздық проблемасын шешу - көкейтесті мәселе. Партияның орталық аппарат жанындағы қоғамдық зерттеу институты әлеуметтік зерттеулер жүргізіп, ауыл тұрғындарының



70 пайызға жуығын жұмыссыздық толғандыратынын анықтаған.

Партия осы мәселені шешу үшін ауыл азаматтарын жұмыспен қамту жобасын жүзеге асыру мақсатында алдымен пилоттық жоба

ретінде Оңтүстік Қазақстанда қолданысқа енгізген. Нәтижесінде ауыл тұрғындарына төмендетілген мөлшерлемемен берілетін шағын несие отбасылық кәсіпті дамытуға да үлкен септігін тигізген.

Ендігі кезекте бұл республикалық көлемде кеңінен насихатталып, қолға алынып отырған бағдарлама», - деді партия аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Тлепов.

Бұдан кейін күн тәртібіне шығарылған «Нұр Отан» партиясының «Праймериз өткізу тәртібі туралы», «Бастауыш партия ұйымы туралы», «Партиялық кадрлық резерві туралы», «Қоғамдық саяси ахуалға талдау жұмыстарын жүргізу» Ережелері мен партия мүшесінің Этика кодексі талаптары туралы «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің консультанты Ернұр Мадияров хабарлама жасады.

Ернұр Берікулы өз сөзінде партия Ережелеріне жан-жақты тоқталып, Праймериз өткізу талаптарын түсіндіріп өтті.

Семинар соңы сұрақ-жауапқа ұласып, оған қатысушылар күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты пікір алмасқан соң семинарды партия аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Тлепов қорытындылады.

Семинар жұмысына партия аудандық филиалы Саяси кеңесінің Бюро мүшелері, аудандық мәслихаттағы депутаттық фракция мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен төрайымдары, ауылдық округ әкімдері, бірқатар бөлім, мекеме басшылары және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Аудандық мәслихат депутаттары назарына!

Бесінші сайланған Байзақ аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXXXIX-сессиясы 2016 жылғы 18 қаңтар күні сағат 9:00-де мәжіліс залында мынадай күн тәртібімен өтеді:

1. Жергілікті полиция қызметі басшысының лауазымына кандидатураны келісу туралы.

Аудандық мәслихат аппараты.

АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТ ТОПТАРЫ ЕЛ АРАСЫНДА

Г.Әбдіқұлова,
А.Шотбасова.
«Ауыл жаңалығы».

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР АЙЫНЫҢ 13-І МЕН 15-І АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ 2015 ЖЫЛДЫҢ 30 ҚАРАШАСЫНДАҒЫ «ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҢАЛЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ» АТТЫ ЖОЛДАУЫ МЕН «ҰЛТ ЖОСПАРЫ-ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ» АТТЫ МАҚАЛАСЫН НАСИХАТТАУ МЕН ТҮСІНДІРУ МАҚСАТЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТТЫҚ ТОПТАР БІРІГІП БІРҚАТАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДЕ КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗГЕН БОЛАТЫН.

Бәйтерек ауылдық округіндегі жиын Сарыкемер орта мектебінің акт залында ұйымдастырылды.

Оны ашып, жүргізіп отырған аталмыш ауылдық округтің әкімі М.Қылыбаев ел Президентінің 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауынан туындайтын міндеттер, құжаттағы құнды бастамаларға тоқтала келе, оны талқылауға арнайы келген ақпараттық-насихат тобының мүшелерімен таныстырды.

Жиналған қауым алдында сөз сөйлеген «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалының ұйымдастыру бөлімі менеджерінің міндетін атқарушы Қырғызәлі Тлеуов еліміздің тәуелсіздікке жету жолындағы қиын да қыстаған кезеңдерлі ауызға алды. Ел егемендігін еншілеген жылдардың жетістіктерін айта отырып, қазақ елін дамуға бастаулағы Елбасының ерен еңбегін атап өтті. «Ең алдымен мұндай бақытқа қазақсандықтардың ауызбіршілігінің



арқасында қол жеткіздік» - деді Қырғызәлі Тлеуов.

Бұдан соң ол, Елбасының халыққа арнаған Жолдауындағы, «Ұлт жоспары - Қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласындағы басты міндет-межелерге ретімен тоқталып өтті. Әсіресе, Президентіміздің ұлттарды ұлы істерге ұйыстыратын аталмыш жолдауына ие болып жатқандығын айтып, ондағы жаңғыртуларды талдап өтті. Мақалада әрбір азаматтың, әрбір жанұя мен әрбір ұжымның арман-тілегі көрініс тапқандығын, әрі жаһандық әлемдегі қиындықтарға төтеп берудің жолдары көрсетіліп, халық мүддесіне қызмет ететін мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту үшін тың бастамалар көтерілгендігін, ол мақсатта 59 Заң күшіне енгізіліп, Кодекстерге өзгертулер жасалғандығын баяндады. Мақаладағы «Жаңа Қазақстандық арман», «Мемлекетті қосбилендіру», «Құқық тәртібі және заңдылық», «Бюрократтық шығынсыз экономикаға қадам басу», «Сыртқы инвестициялардың жаңа көздері», «Инновациялық индустрияландыру көкжиектері» т.б.

тармақтарға жеке-жеке тоқталып, үлкен-кішіні Елбасымен бірге қазақстандық арманымыздың орындалуына қарай ұмтылуға, бұл мақсатта Ұлт жоспарын жүзеге асыруда және ондағы реформаларды жүргізуде белсенділік танытуға шақырды.

Мұнан соң мінбеге көтерілген Бәйтерек ауылдық округі еңбек ардагерлері ұйымының төрағасы С.Айтбаев, Сарыкемер орта мектебі тарих пәнінің мұғалімі К.Мысықбаева мемлекетімізді одан әрі дамытуға бағытталған Елбасы Жолдауы мен мақаласынан алған әсерлерімен бөлісіп, ондағы мақсат-мүдделердің құндылығын әңгімеледі. Ел ертені үшін барлық күш-жігерлерін еш аянып қалмайтындықтарын жеткізді.

Бұдан бөлек жиын барысында қатысушылар тарапынан түрлі сұрақтар қойылып, оған тиісінше жауап берілді.

Жиынға Жамбыл облысы әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімінің басшысы Е.Жаңабасов және «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Тлепов қатысып отырды.

Ботамойнақ ауылдық округінде өткен жиынды округ әкімі Е.Зәурбеков ашып, жүргізіп отырды.

Келелі жиында облыстық ақпараттық топ жетекшісінің орынбасары Ербол Жаңабасов сөз алып, Елбасының «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауы мен «Ұлт жоспары-қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласының маңызына тоқталды. Жаһандық дағдарыс әлемнің барлық елдерін, соның ішінде дамыған мемлекеттерді де қамтып отырғанын, осындай қиын кезеңде Елбасының саясатының арқасында еліміздің әлемдік дағдарысқа қарсы тұра алатын «Ұлт жоспарында» басым бағыттарын іске асырудың мәнін сөз ете келе, аталмыш мақаланың басты тармақтарын талдап берді.

Сонымен қатар Ербол Сәкенұлы 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің еңбекақысы 28 пайызға, білім беру саласы қызметкерлерінікі- 29 пайызға, әлеуметтік қорғаудағы

қызметкерлердікі-40 пайызға, мүгедектігі мен асыраушысынан айырылуға байланысты әлеуметтік жәрдемақылар- 25 пайызға, «Б» корпусындағы мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы 30 пайызға арттырылатындығын айтты. Сондай-ақ, баяндамашы дағдарысқа қарсы және құрылымдық жанарулардың негізгі бағыты, яғни «Қаржы секторын тұрақтандыру», «Бюджет саясатын оңтайландыру», «Жеке шешендіру және экономикалық бәсекелестікті ынталандыру», «Жаңа инвестициялық саясаттың негіздері», «Жаңа әлеуметтік саясат» бойынша әңгіме қозғап, осы шараларды тиімді жүзеге асырудың маңызын сөз етті. Өз кезегінде ауылдық округтегі ардагерлер алқасы төрағасының орынбасары Ә.Бозұлов сөз алып, Жолдауда ел экономикасының артуына тиімді жолдардың қарастырылғанын, ел бірлігін нығайтумен қатар 2017 жылдан бастап «Жалпыға бірдей кәсіптік-техникалық білім» жаңа жобасы жүзеге асатындығы туралы ойымен бөлісті.

Аудандық ақпараттық топтың мүшесі, аудан әкімі аппаратының бас инспекторы С.Иманова Болашақ Ұлт жоспарындағы қоғамға есеп беретін ашық мемлекет құрудың бесінші реформасы аясында бірқатар мәселелер шешілетіндігін, яғни қажетсіз әкімшілік кедергілерді қысқарту, сұрау салынатын құжаттар санын азайту арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуді барынша оңтайландыру, ашықтықты қамтамасыз ету жайын қозғайды.

Кездесу соңында ауыл тұрғындары Елбасының Жолдауындағы негізгі басымдықтар мен «Ұлт жоспары-қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласындағы маңызы міндеттерді іске асыруға үлестерін қосатындықтарын білдірді.

ҰЛТ ЖОСПАРЫ-ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ

ЕЛІМІЗДІ ӨРКЕНДЕУГЕ
БАСТАЙТЫН ЖОЛ

С.КЕНЖЕБАЕВ,
Байзақ ауданы әкімінің
орынбасары.

Өткенді саралайтын болсақ, тау етер тәуелсіздікке жетер жолда ата-бабаларымыз талай нәубәт кезеңдерді басынан өткізгенін көреміз. Ұлы даламызды ұрпаққа аман-есен жеткізудегі шайқастар, аштық, қуғын-сүргін, фашизмге қарсы соғыс, бергін келе желтоқсаншыл жастар да бүгінгі бейбіт өмір үшін жан беріп, жан алысты.

Осындай қиындықтардың арқасында жеткен егемендік - біздің басты байлығымыз. Саф алтыннан да қымбат осынау жетістігімізді бағамдай білсек, болашағымыз да жарқын боларына сенім мол. Халқымыздың бірілігі бекем болса алмайтын асуымыз қалмасы белгілі.

Елімізді өркендеуге бастайтын және бір жол, ол Елбасының жыл басында жариялаған «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласы. Қазіргі таңда осынау шығарма үлкен-кішінің ерекше қолдауына ие болып отыр. Өйткені, мақалада еңбектеген баладан бастап, еңкейген қарияға дейінгі әрбір азаматқа тиісінше қолдау бар. Ерекше айтар тұсы, үстіміздегі жылдан бастап «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталады әрі осынау мақсатта мемлекетті, экономика мен қоғамды дамыту үшін 59 Заң күшіне енді. Бұл дегеніміз әрбір қазақстандықтың құқы ендігі жерде әрдайым Заңмен қорғалады деген сөз.



Мақалада Елбасы жағандық әлемдегі қиындықтарды айта келе, бұл өткелдерден де өтуге болатындығын, ол үшін армандай білу, сол арманның негізінде істей білу, алға қарай жылжуға болатындығына сендірді. «Біз өз жеріміз бен оның байлығының ұқыпты иесі болуға ұйренудеміз»,

жаңа технологияларды меңгеріп, тарихымызда ешқашан болып көрмеген өндірістік қуаттар мен экономиканың тұтас салаларын іске қосудамыз. Және ең бастысы – біз жаңаша армандауды, Тәуелсіз Қазақстанымыз бір бөлшегі болып отырған жағандық әлемдегі қиындықтарға қарамастан, ел мен қоғамды дамытуда нақты міндеттер қоюды және оларды шешуді үйрендік» деген Нұрсұлтан Әбішұлының сөзі қандай қиын кезең болмасын оны еңсере білген халқымыздың қайсарлығын, ұлылығын айтып тұрғандай.

Мақалада мемлекетті кәсібилендіру, құқық тәртібі және заңдылықты күшейту, бюрократтық шығынсыз экономикаға қадам басу, сыртқы инвестициялардың жаңа көздерін іске қосу, инновациялық индустриаландыру көкжиектері мәселелері тереңірек қаралып, жаңартулар енгізілген.

Әсіресе әлеуметтік ынталандыруға баса мән беріліпті. «Білім беру, денсаулық сақтау және халықты

әлеуметтік қорғау салаларын реформалау адам әлеуетінің сапасын арттыруға жағдай жасайды» деген Елбасымыз әлеуметтің әлеуетін арттыру күн тәртібінен түспеуі керектігін қадап айтты. Медицина саласының сапасын жақсартуға да жағдай жасалынбақшы. Ол үшін медициналық қызметтің сапасы бойынша бірлескен комиссия құрылатын болса, медициналық мекемелерде басқарудың корпоративтік моделін енгізу қарастырылуда. Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласындағы басты міндет – міндетті медициналық сақтандыруды енгізу де заманның талабынан туындаған міндет деп білеміз.

Сонымен қатар, келер жылы «Барша үшін тегін кәсіптік-техникалық білім» жаңа жобасын жүзеге асыру басталады. Президентіміздің сөзіне сүйенер болсақ, бұл бастама жас қазақстандықтар үшін өте тиімді. Шындығында да белгілі бір кәсіпті меңгерген жас маман қай уақытта болмасын, қай салада болмасын өзіне тиесілі қызметін ала алады. Оның үстіне қазіргі заман ғылым мен техниканың өркендеу заманы. Меніңше, техникалық білім алған ұрпақтың болашағы да зор.

Жалпы, мақаладағы әрбір жаңғырту – мемлекетіміздің кемел келешегіне бағытталғаны ақиқат. Ең бастысы Елбасы айтпақшы Ұлт жоспарын жүзеге асыруға және реформаларды жүргізуге барынша белсенді қатысу және осылар ашатын мүмкіндіктерді пайдалану қажет. Елдің ертені үшін бәріміз күш біріктіресек ойлаған армандарымыз жүзеге асатынына сенім мол.

ДОРОГА К КАЗАХСТАНСКОЙ МЕЧТЕ

С.Алимулов,
заместитель
председателя Совета
ветеранов Байзақского
РОВД.

«Для многих поколений наших предков сокровенной мечтой была независимость нашего Казахстана. Мы воплотили в жизнь их многовековые грёзы о свободной и независимой Родине.

Для казахстанцев независимость стала реальной высшей жизненной ценностью нашего многоэтнического общества – эта мысль главной нитью проходит через статью Президента страны Н.Назарбаева «План нации – Путь к казахстанской мечте».

Статья Главы государства служит фактически конкретным руководством модернизации страны и пяти институциональных реформ, являясь логическим развитием основных положений Послания Президента Нурсултана Назарбаева «Казахстан в новой глобальной реальности: рост,



реформы развитие».

Как известно, в ней Президент не только определил приоритетные направления к казахстанской мечте, но и обозначил конкретные механизмы реализации ожиданий казахстанцев от результатов этих реформ. Глава государства детально, обстоятельно, доступно и откровенно рассказал о большой подготовительной работе к реализации Плана нации.

В статье содержится целый комплекс мер для предотвращения многих современных вызовов и угроз, определён механизм работы госорганов по модернизации страны вкпе с бизнесом и гражданским обществом.

Мне, как бывшему работнику правоохранительных органов, импонирует, что часть статьи Президента посвящена вопросам независимого правосудия и

реализации верховенства закона. Вопросы развития права являются цементирующими. Достичь экономических и политических успехов невозможно, если всё это не будет обеспечено высоким уровнем правового регулирования. Независимое правосудие и вся правоохранительная система Казахстана должны быть нацелены исключительно на обеспечение прав и свобод граждан, строгое исполнение законов и укрепление правопорядка.

Глава государства подчеркнул о необходимости укрепить и повысить потенциал правоохранительной системы, о необходимости улучшения процессов отбора сотрудников полиции и включения работников правоохранительных органов в систему государственной службы. Одним словом, считаю, что поставленная задача войти в 30-ку самых развитых государств мира – для Казахстана вполне достижима.

И теперь задача всего многонационального народа Казахстана – трудиться во исполнение нашей казахстанской мечты.

БІЛІМ - БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

А.Бейсебаева,
«Тілдерді оқыту орталығы»
Байзақ аудандық бөлімшесінің
оқытушысы.

Сапалы білім- мемлекет пен қоғам үшін басты құндылық. Сондықтан да, білімді дамыту Елбасымыз белгілеген барлық стратегиялық бағдарламалардың тірегі болып табылады. Елбасы ұсынған 5 реформа аясында іске асатын-Ұлт жоспары да болашақ Қазақстанның келбетін анықтайтын білім саласына қатысты бірқатар маңызды қадамдарды қамтып отыр. Ендігі мақсат әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылып, «Мәңгілік Ел» құру міндеті тұр. Бұл жолда кездесетін қиындықтар мен бүгінгі таңдағы әлемдік дағдарыстан шығудың жолдарын, әрі қарай дамуымыздың бағдары Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауы мен «Ұлт жоспары-қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында көрсетілген.

Адам баласының жер бетіндегі тарихы 50 мың жыл деп есептелінсе, осы аралықта 1600 ұрпақ алмасқан екен. Әрбір жаңа ұрпақ адам өмірін өзгертетін жаңалықтар ашауға бейім келетіндігі тарихтан белгілі.

XXI ғасыр - білім мен ғылымның



ғасыры дейтін болсақ, өмір бойы оқу, үздіксіз оқу, біліктілікті ұдайы жетілдіруді қажет ететін қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жылдан өзгеретін, ұзақ мерзімді болжам жасау мүмкін емес кезеңде білім беру үдерісін ұйымдастыру ісі жаңашылдықты, озық технологияны талап ететіндігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

“Білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау салаларын реформалау адам әлеуетінің сапасын арттыруға жағдай жасайды. Білім беру саласында мектепке дейінгі және мектепте білім берудің жаңа үйлестірілген стандарттарын әзірлеу және бекіту бойынша жұмыстар

жүргізілуде. Білім беру үш тілде-қазақ, орыс, және ағылшын тілдерінде жүргізілетін болады” деп атап көрсетілген Елбасы мақаласында.

Білім-таусылмас қазына. Білікті де білімді азаматтар ғана елдің келешегін көркейтп, экономикасын өркендетеді. Қазіргі уақыттың талабына сай оқытушылар қауымы ақпарат тасқыны мен ғаламдану күшіне төтеп бере алатын, үш тілді терең меңгерген, отансүйгіш, рухы биік жас ұрпақты тәрбиелеу жолында тер төгуде.

2012 жылдан бастап, ауданымызда “Тілдерді оқыту орталығы” жұмыс аткарып келеді. Мұнда аудан тұрғындары қазақ, орыс, ағылшын, тілдері бойынша оқытылады. Сонымен қатар “Қазтест” бағалау жүйесі бойынша да курстар өткізіледі. Орталықтан білім алғандар арасынан әртүрлі деңгейдегі байқауларда топ жарып, ауданымыздың мәртебесін биіктеткен азаматтарымыз аз емес.

Егемен еліміздің жетістігі-жастардың белсенділігі мен білімділігіне байланысты. Ал білімді де білікті кадрларды тәрбиелеп, біліммен қаруландыру-ұстаздарға жүктелген міндет деп түсінген абзал.

ОБРАЩЕНИЕ Ассоциации депутатов
маслихатов Казахстана в поддержку
инициативы проведения досрочных
выборов в Мажилис Парламента и
маслихаты всех уровней

Депутаты маслихатов страны поддерживают и разделяют инициативу проведения досрочных выборов депутатов Мажилиса Парламента Казахстана и маслихатов всех уровней.

Сегодня в условиях глобальной экономической нестабильности, затронувшей экономики даже некогда процветающих стран мира, требуется незамедлительно приступить к реализации реформ Главы нашего государства по преодолению кризиса и развитию страны, обозначенных в Плане нации «100 конкретных шагов».

Принятие решительных антикризисных мер требует максимальной мобилизации экономики, в контексте которой инициатива проведения досрочных выборов является одним из своевременных решений высшей законодательной власти.

Представляя Ассоциацию депутатов маслихатов Казахстана, мы считаем данный шаг облуданным и взвешенным. Уверены с нами солидарны все казахстанцы!

Пресс-служба Ассоциации депутатов маслихатов Казахстана.

«Қазақстанның Ардагерлер Кеңесі»
Республикалық қоғамдық бірлестігінің
мәлімдемесі

«Қазақстанның Ардагерлер Кеңесі» Мәжілісті тарату және Парламент пен барлық деңгейдегі маслихаттардың мерзімінен бұрын сайлауын тағайындау туралы бастамасын қолдайды.

Бүгінде әлемнің ең дамыған 30 елінің санатына қосылуға бет алған Қазақстан әлемдік деңгейдегі барша қиындықтарға алдын-ала тойтарыс беріп, өзінің даму стратегиясынан бір мысқал да айнымай алға қадам басуда.

Өткен жылы еліміз Ұлы Жеңістің 70 жылдығын зор ауқымда атап өтті. Қазақстанда тұратын бір де бір ардагер мемлекет назарынан тыс қалған жоқ. Біз өзіміз үлес қосқан Ұлы Жеңістің араға жылдар салып Елбасының арқасында Ұлы Тәуелсіздікке ұласқанын көрдік.

Қашан да халқының тілеуін тілейтін ардагерлер қауымы Қазақстанның Елбасы жетекшілігімен талай тығырықтан аман шыққанына куә болып келеді. Қазір де ардагерлер Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы саясатының толығымен, уақтылы жүзеге асуын жан-жақты қолдайды. Сондай-ақ, Тәуелсіз Қазақстанды барлық бағыттар бойынша жаңғырта түсетін 5 институттық реформаны жүзеге асырудың Ұлт Жоспары табысты жүзеге асырылғанын қалайды. Мұндай тарихи маңызы бар жұмыстар Ел бірлігі, татулық пен тұрақтылық арқылы ғана іске асатыны анық.

Ел тарихындағы аса жауапты кезеңге қадам басатын маңызды сәтте елді ұйыстырып, Елбасы саясатына жұмылдыра түсуге сайлау науқаны зор септігін тигізбек. Сондықтан, біз барша қазақстандықтарды халық қалаулыларының бастамасына қолдау білдіруге шақырамыз.

«Қазақстанның Ардагерлер Кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігінің баспасөз қызметі.

«Нұр Отан» саяси партиясы «Жас Отан»
жастар қанатының мәлімдемесі

«Нұр Отан» саяси партиясының «Жас Отан» жастар қанаты Парламент депутаттарының Мәжілісті тарату және Парламент пен барлық деңгейдегі маслихаттардың мерзімінен бұрын сайлауын өткізу туралы бастамасына қолдау білдіреді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жастар – ел болашағы» деген сөзін біз әрдайым жадымызда тұтып, тәуелсіз Қазақстанның даму жолындағы қадамдары қарышты болуына өз үлесімізді қосып келеміз. Біз Елбасы сенім артқандай білімді, білікті, отаншыл азаматтар болу үшін аянбаймыз.

Еліміз біздің азат елдің арқалы азаматтарына айналуымызға бар қамқорлықты жасап отыр. Заманауи білім ордалары мен денсаулық сақтау нысандары салынып, олар соңғы үлгідегі жабдықтармен жарактандырылуда. Жастардың әлемнің әр қиырындағы ең үздік оқу орындарында алаңсыз білім алуына толық мүмкіндік жасалған. Біз ертеңімізге сеніммен қараймыз.

Әлемдік экономикадағы қиындықтарға алдын-ала лайықты жауап берген Қазақстан бұл кедергілерден тың қуатпен, жаңарған ел ретінде шығарына сенімдіміз.

Жағандық дағдарыстың жаңа толқынын абыроймен еңсеру үшін Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы саясатын және мемлекетімізді жаңғыртуға серпін беретін 5 институттық реформаны іске асырудың «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын орындауға жаңадан сайланған Парламент сүбелі үлес қосады деп санаймыз.

Біз, «Жас Отан» жастар қанаты еліміздегі ең ірі жастар ұйымы ретінде барша қазақстандық замандастарымызды маңызды бастамаға үлес қосуға шақырамыз.

«Нұр Отан» саяси партиясы «Жас Отан» жастар қанатының баспасөз қызметі.

Обращение Ассамблеи народа
Казахстана в поддержку обращения
депутатов Парламента РК о проведении
досрочных выборов депутатов в Мажилис
Парламента и выборов в маслихаты всех
уровней

Ассамблея народа Казахстана целиком и полностью поддерживает обращение депутатов Парламента РК о проведении досрочных парламентских выборов в стране, а также в маслихаты всех уровней.

Данный шаг жизненно необходим для дальнейшей эффективной реализации Пяти институциональных реформ, Послания Главы государства «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие».

Принятие законов в рамках президентских реформ создают принципиально новую правовую среду для развития государства, экономики, общества.

Действующий состав депутатов Мажилиса Парламента РК V созыва сыграл свою историческую роль - обеспечил беспрецедентный в истории страны масштаб изменений национального законодательства.

Это открывает дорогу к НОВОЙ КАЗАХСТАНСКОЙ МЕЧТЕ - войти в мировую 30-ку стран-лидеров.

На новом этапе государственного строительства, утверждения ценностей общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел», укрепления и развития новой казахстанской идентичности на принципе гражданского необходимо новое качество работы высшего законодательного органа страны.

Необходимо обеспечить синхронную работу с Правительством страны по исполнению поручений Главы государства.

Законодательный орган нуждается в обновлении мандата для эффективной реализации глубоких реформ по обеспечению верховенства закона, формирования открытого правительства, обеспечении дальнейшего экономического роста Казахстана в непростых условиях.

Мы глубоко убеждены, что план Нации, избрание нового состава депутатов Мажилиса Парламента даст мощный стимул для повышения экономической и гражданской активности широких слоев населения.

Это позволяет создать все условия для успешной реализации грандиозной программы Президентских реформ, укрепления общественного согласия и общенационального единства.

Мы призываем всех граждан – патриотов Ұлы Дала Елі – в наших общих интересах поддержать предложение о проведении досрочных парламентских выборов и выборов в маслихаты всех уровней во имя нашей общей цели – благополучия нашей Родины – Республики Казахстан.

Совет Ассамблеи народа Казахстана.

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

“ЖАҢА КӘСІБИ СТАНДАРТҚА” АРНАЛДЫ

Бейсенбі, 14 қаңтар күні аудандық ардагерлер кеңсесінде “Жаңа кәсіби стандарт” атты тақырыпта дөңгелек үстел өтіп, оны аудан әкімдігінің ұйымдастыру және мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімінің меңгерушісі Б. Ақбаев ашып, жүргізіп отырды.



Елбасының “Ұлт жоспары- қазақстандық арманға бастайтын жол” атты мақаласының кіріспесі халық мүддесіне қызмет ететін мемлекеттік аппаратты кәсібилендіруден бастау алады. Мемлекеттік аппараттың құрамдас бөлігі болып табылатын мемлекеттік қызметшінің ел дамуында алатын орнына тоқталғанды Бактияр Мұратұлы сөз кезегін Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің консультанты Берік Бегалиевке берді.

Берік Дүйсенбайұлы өз сөзін Мемлекет басшысының аталмыш мақаласындағы бірінші реформа- мемлекеттік кәсібилендіруге қатысты мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа кезеңі басталып отырғанын баяндай келе, негізінен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңын іске асыру мақсатында 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі туралы түсінік берді. Әдеп Кодексінің мазмұны, Мемлекеттік қызметтегі Әдеп кодексінің түйінді идеялогиялық бағдары, Мемлекеттік қызметшінің жалпы мінез-құлқының стандарты, Әдеп жөніндегі уәкілінің міндеті туралы әңгімеледі. Әсіресе, мемлекеттік органдарда, этика жөнінде уәкіл болатындығын, оның мемлекеттік қызметшілер арасында этикалық нормалардың сақталуын қадағалап, мониторинг жасаумен шұғылданатындығын, және уәкіл мемлекеттік қызметтегі азаматтардың заңдық құқықтарының сақталуымен қатар ұжымдағы моральдық психологиялық ахуалды да зерттеумен айналысатындығын

жеткізді. Сонымен қатар уәкіл өз қызметінің нәтижесі бойынша уәкілетті органға есеп беретіндігін, жалпы баяндамасын қорыта келе баяндамашы Елбасының «100 нақты қадам»- Ұлттық жоспарын нақты іске асыру кезеңінде қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін сақтаудың маңызын баса айтты.

Бұдан соң сөз алған аудан әкімдігі қаржы бөлімінің басшысы Ж. Құмғанбаев “Қазіргі заманғы мемлекеттік аппараттың қалыптасуы және дамуы, меритократия, тиімділік және қоғамға есептілік қағидаттарына негізделген” атты тақырыбында әңгіме қозғады. Жамбыл облысы кәсіпкерлер палатасының Байзақ ауданы бойынша филиалы директорының орынбасары Қ. Қайшыбаев болса, “Жаңа кәсіби стандарт-отандық бизнестің тиімділік кепілі” атты айдар аясында ойын ортаға салып, аудан көлемінде кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы қолға алынған жұмыстарды баяндады. №3 Байзақ колледжінің директоры М.Нысанбаев болса, “Заманауи кәсіби мемлекеттік аппараттың негізгі-адами капитал” атты тақырыпта әңгіме өрбітті.

Баяндамашы Елбасының 2015 жылғы 30 қарашадағы Жолдауы мен “Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам” бағдарламасында, сондай-ақ, “Ұлт жоспары-қазақстандық арманға бастайтын жол” атты мақаланың басым бағыттарында жастарды біліммен қамтудың маңыздылығына кеңінен тоқталды. Еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатын бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлау бағытында өзі басшылық ететін колледжде атқарылған шаруаларды, дуальды оқыту жүйесінің мәнін де сөз етті.

“Мемлекеттік қызметті кәсібилендірудің маңызды шарты, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру” жөнінде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Бесбаев өз ойын ортаға салды.

Дөңгелек үстел барысында күн тәртібінде көтерілген мәселелер төңірегінде ой өрбітіп, пікір алмасылып, туындаған сауалдарға тиісті жауаптар берілді.

Алқалы жиынға аудан әкімдігіне қарасты бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Өз тілшіміз.

Новые реалии новой эпохи

Р.Джакипбаева,
«Ауыл жаңалығы».

В национальном плане «100 конкретных шагов» была поставлена задача создания местной полиции, подотчётной местным исполнительным органам и местному сообществу, с использованием лучшей практики западных стран. В это же время, 5 мая 2015 года на расширенном заседании Правительства Президент страны Н. Назарбаев поручил рассмотреть вопрос о создании местной полицейской службы в Казахстане. В связи с чем, в МВД РК был разработан законопроект по вопросам деятельности местной полицейской службы.

Таким образом, с 1 января текущего года в Казахстане начала работать местная полицейская служба.

Это один из первых шагов по пути реализации пяти институциональных реформ. Вообще общественный контроль над органами внутренних дел связанный с существованием муниципальной полиции, которая подотчётна лишь местным исполнительным органам и населению, подтвердил свою эффективность во многих государствах реальной демократии.

Основная идея создания местной полицейской службы в РК заключается в том, что это позволит приблизить полицию к местам к населению, что увеличит доверие к ней, повысит эффективность работы.

Местной полицейской службой будут реализовываться задачи по охране общественного порядка, обеспечению дорожной безопасности и профилактике

правонарушений в первую очередь бытовой преступности. В структуру местной полицейской службы войдут следующие подразделения: участковые инспекторы полиции и их помощники, ювенальная полиция, территориальные подразделения, школьные инспекторы, подразделения

вопрос будет рассмотрен на внеочередной сессии районного маслихата, которая состоится в предстоящий понедельник.

Одним словом, главным критерием оценки местной полиции, как и было сказано выше, является доверие населения.

При этом вводится



по защите женщин от насилия, подразделения природоохранной полиции, а также спецприёмники для административно арестованных и приёмники-распределители для лиц без определённого места жительства. При этом будет сохранено единство системы, где местная полицейская служба останется в структуре органов внутренних дел, а её сотрудники будут иметь единый правовой статус сотрудников правоохранительных органов. Таким образом, за сотрудниками местной полицейской службы сохранится материальное обеспечение, льготы и социально-правовые гарантии, предусмотренные для сотрудников правоохранительных органов.

Одно из главных новшеств - назначение начальника местной полицейской службы и его заместителей будет прерогативой акимов различных уровней по представлению МВД и с согласия депутатов маслихата. У нас данный

периодическая отчётность руководителей местной полицейской службы - не менее двух раз в год её деятельность будет рассматриваться на заседании соответствующего маслихата, один раз в год - перед населением.

Именно этой службой в тесном сотрудничестве с местным сообществом, как предполагается, будет обеспечиваться реализация принципа нулевой терпимости к правонарушениям.

Благодаря созданию местной полицейской службы у акимов появится больше механизмов обеспечения правопорядка на вверенной территории.

Обобщая вышесказанное, можно заключить, что перед местной полицейской службой стоят большие планы: работать с населением в целях пресечения преступлений, чтобы их стало меньше, чтобы участковый работал на своём закрепленном административном участке, чтобы всё население его узнавало и принимало участие в охране общественного порядка.

ЕСТЕЛІК

ӘЗІМБЕК ҰСЫНҒАН КӨК ДӘПТЕР

Толыбай Шәмәтұлы,
Түймекенді ауылы,
зейнеткер.

ӘРБІР АДАМНЫҢ
ӨМІРІ ӨЗІНШЕ БІР
ТАРИХ. СОЛ БІР ТАРИХІ
УАҚЫТТА ТҮРЛІ КІСІЛЕРДІ
ЖОЛЫҚТЫРЫП, ОЛАРМЕН
СЫРЛАСА ЖҮРІП, ОНЫҢ
ӘРҚАЙСЫСЫНАН
ӘРКІЛІ ҒӘСЕР
АЛАТЫНЫН РАС. МЕН ДЕ
КЕЗІНДЕ РЕСПУБЛИКАҒА
ТАНЫМАЛ «ТРУДОВОЙ ПАХАРЬ»
КОЛХОЗЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТЕ
ЖҮРІП, ТАЛАЙ ТАЛАНТТЫ
ТҮЛГІЛАРМЕН ДАСТАРХАНДАС
БОЛҒАНЫМДЫ ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН
ҰЛ-ҚЫЗДАРЫМА
АЙТЫП ОТЫРАМЫН.



ортасы еді.

Елімізге танымал, өнерде өзіндік орындары бар Нұрғиса Тілендиев, Бибігүл Төлегенова, Нұрғали Нүсіпжанов, Әлібек Дінішов, Нағима Ескалиева, Мақпал Жүнісова, Айтқұл мен Қана Құдайбергеновтер сынды белгілі өнерпаздар өмірімізге талай мәрте келіп, өнер көрсеткені әлі есімде. Әрине жауапты қызметте жүргеннен кейін қонақтарды күтіп алу, шығарып салу сынды жұмыстарды атқара жүріп, айтулы азаматтармен жүздескенімді мақтаныш санаймын. Сондай жүздесудің бірі айтыскер-акын, қазақ өнеріне өзіндік қолтаңба қалдырып кеткен Әзімбек Жанқұлиевпен кездесуім еді. Ол былай болды.

Ол кезде мен «Трудовой пахарь» колхозында кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметінде едім. Жұмысыма ертерек келіп, енді отыра бергенім сол еді, кабинетіме партия комитетінің хатшысы Әбілді Қойбасов қасында мен танымайтын бір жігітпен кіріп, амандық сұрасқаннан кейін: «Толыбай, деп малшы ауылға құмға шығамын деп жүр едің ғой. Мына жігіт аудан орталығындағы мәдениет сарайында

автоклуб меңгерушісі көрінеді. Бірер күн малшылар арасында болсам дейді. Өзі айтыскер акын көрінеді» деп маған тапсырма берді. Әлгі бейтаныс жігіт «Әзімбек Жанқұлиев» деп қолын созды маған қарай. Мен де өз аты-жөнімді айттым. Міне, осыдан кейін біздің таныстығымыз басталды. Бұл 1986 жылдың ақпан айының

Әзімбекпен келісіп ертеңіне жолға шықтық. Жол-жөнекей ферма меңгерушілерімен рация арқылы хабарласа отырып, 3 күн малшылар арасында болдық. Малшылардың тыныс-тіршілігімен толық танысып, аларға қолхоз, партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары тарапынан көрсетіліп жатқан қамқорлықтарды өз көзімен көрген Әзімбек ризашылығын жасырмады.

Сондай-ақ, ерекше есімде қалғаны малшылар ауылында жас акын домбырасымен ән шырқап, ата-аналардың ақ батасын алды. Сол кезде-ақ тума таланттың суырып салма өнері өзгелерді тәнті етті. Әрбір адамның ішкі жандүниесіне еніп, тамырын дөп басып, көңіл-күйін дәл тауып, үйлесімді жөніл әзілмен, көркем сөздермен өрнектеп өзіне баурап алуы әрине екінші бірін қолынан келе бермейді. Ал, бұл қасиет Әзімбектің бойында бар еді. Шынайы шыындықтың ақиқатын кәсіп айту да оның ерекшелігі еді. Тіпті біз құмда болған үш күнде оның қолынан қасиетті домбыра еш түспеді десек те болады. Әнмен қатар арақидік акын аяған соғысында болғанын мұңая отырып әңгімелеп, ұмытпас кезеңді еске алып, баршамыздың көзімізге еріксіз жас та әкелгізді. Небәрі үш күннің ішінде үлкендер жағы оның өнеріне бас исе, жастар ерлігінен үлгі алды.

Сонымен үш күн малшыларды аралап, ымырт жабыла ауылға жеттік. «Бүгін біздің үйде бол, ертең шығарып салармын» дедім. Ол келісімін берді. Қонағым болып, отбасымен танысып,

шешемнің батасын алып, ертеңіне аудан орталығына қарай жол жүрді. Содан бастап Әзімбекпен арақатынасымыз еш үзілмеді. Той-томалаққа асаба ретінде шақырылатын акын алдымен біздің үйден дәм-түз тататын. Ауырып ауруханада жатқанда да саулығын сұрап барғанда балаша мәз болып, көрген-білген қызықтарын айта жөнелетінін қалайша ұмытпайын.

Мұнан соң акын бүкіл елге танымал айтыскер болды. Жерлесіміздің өнерін теледидардан көріп, көңіліміз марқайып қалатын. Өкінішке орай акын бауырымыздың өмірі қысқа болды. Өйтседе оның өнердегі, өлеңдегі қалдырған ізі ел есінде.

«Өмір деген қызық қой, керекті жерін сызып қой» деген қағида сірә осы шығар деймін. Әзімбек артында өшпес өсиет, шынайы шындық сөздері мен өлеңдерін қалдырды. Өркез еске алар қара орман халқы, елі, ізін жоқтатпас бала-шағасы, бауырлары, дос-жарандары қалды артында. Әзімбек осылармен мәңгілік бірге.

Айтпақшы, сол 1986 жылы малшылар арасында болғаннан кейін, екі ай өтіп, түскі мезгілге таман Әзімбек келіп тұр үйге. Үйдегілермен хал-жағдай сұрасып, дастарханда дәм татып отыр еді, біраз әңгіме айтты ол маған: «Аға, мына дәптерді өзіңізге шын ниеттімен ұсынамын. Ішінде ақындрдың өлеңдері, әндер, мысал сөздер, өсиеттер топтамасы бар. Оларды өзім жинап, қолыммен жазып алдым. Керегіме жараттым. Сіз де оқыңыз, көңіліңізге тоқыңыз»- деп, бірінші бетіне былай деп жазып берді:

«Құрметті Толыбай аға! Осы дәптер ішіндегі қолтаңба, әрі өзге ақын ағалардың жырларын ұсына отырып, бойыңызға ұшқынды талант, өнерге деген құлшыныс арта түсіп, өмірде бақытты жандардың бір болуға тілектеспін. Інііз Әзімбек. 17/IV-1986 жыл».

Міне, солдан бері айтыскер акын ұсынған көк дәптерді қолыма алған сайын өмірде сыйласып өткен Әзімбекпен бірге болған сәттер есіме орала береді.

ЗАҢ ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ МІНБЕРІ

Әкімшілік процессуалдық кодексі

Е.Аққулиев,
Байзақ аудандық сотының судьясы.

Мемлекет басшысы, Қазақстан судьяларының VI-съезінде «Біз Жаңа саяси бағыттың барлық векторы үшін басымдықтар мен міндеттерді айқындаудамыз. Олардың бәрі ұлы стратегиялық мақсатқа – осы уақыт ішінде әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруге бағытталған. Бұл – сот жүйесін де қамтитын барлық мемлекеттік органдардың міндеттері мен барлық жұмыстары соған сәйкестендірілген негізгі мақсат» деп атап өткен болатын.

Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында, әкімшілік-іс жүргізу құқығын дамыту, яғни Әкімшілік-іс жүргізу кодексінің қабылдау жоспарланған.

Сот жүйесін жаңғырту мақсатында, ҚР-ның Жоғарғы соты Әкімшілік процессуалдық кодексінің жобасын дайындады.

Әкімшілік процессуалдық кодексінің жобасында әкімшілік дау, әкімшілік іс жүргізуге қатысушылар, ведомстволық бағыныстылық, соттылық, әкімшілік іс жүргізу, хаттама, талап арыз сияқты басқа да негізгі ұғымдар нақтыланған. Бұл өз кезегінде әкімшілік құқық бұзушылық істерін объективті қаралуына жол береді.

Мамандандырылған ауданаралық және соларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары мен Кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың судьяларының қарауына біркатар әкімшілік құқық бұзушылық істері берілмек.

Мәселен: Ішкі істер органының қарауындағы ҚР-ның Әкімшілік кодексінің 146-бабын (Егістіктердің



немесе екпелердің үстімен жүру), 147-бабын (Егістіктерді, маяларды таптау, ауыл шаруашылығы дақылдарының алқапта жиналған астығын бүлдіру немесе жою, екпелерді зақымдау), 156-бабын (Қазақстан Республикасының мәдениет туралы заңнамасының талаптарын бұзу) мамандандырылған ауданаралық және соларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары қарайтын болады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің талаптарына сәйкес, уәкілетті орган (лауазымды адам) салынған айыппұл сомасын мәжбүрлеп ұстау үшін жауаптылыққа тартылған тұлғаның жалақысынан немесе өзге де кірістерінен жұмыс істейтін не сыйақы, зейнетақы, шәкіртақы алатын ұйымның әкімшілігіне жіберетін. Егер айыппұл салынған жеке тұлға жұмыс істемейтін болса немесе айыппұлды жалақысынан, басқа да өзге де табыстарынан өндіру мүмкін болмаса, мәжбүрлеп орындау үшін сот орындаушысына жолданатын.

Ал ендігі жерде жана заңға сәйкес, жауаптылыққа тартылған тұлға салынған айыппұлды өз еркімен орындамаған жағдайда, әкімшілік жаза қолданған орган (лауазымды адам) қарау үшін сотқа жібереді.

Әкімшілік процессуалдық кодекс істерді шешу тәртібін заңнамалық регламенттеу мәселелерінің өзектілігін қамтиды, жеке және заңды тұлғалардың процессуалдық құқықтарының сақталуына кепілдік беретіндігіне сенімдіміз.

